

«Сейфуллин окулары – 18(2): « XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века – эпоха трансформации » - 2022.- Т.І, Ч.І. – Б.108-109

ЖАЗДЫҚ АРЫШ ТАНАПТАРЫНДА АЙҚЫШГҮЛДІЛЕР БҮРГЕСІНІҢ ТАРАЛУЫ

*Абышева Г.Т., ж. з.м.,
Мұсыно Қ.М. в, а.ш.з.д., профессор
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Әлемде зиянды ағзалардың ауыл шаруашылығы дақылдары өнімдеріне жыл сайын тигізетін зияны 30-35% шамасында. Тікелей зияндылықтан басқа, өнімнің сапасын төмендетеді. Өсімдік қорғаудың тиімді ұйымдастырылуы ең алдымен зиянкестердің және арамшөптердің таралуының сан мөлшері мен зақымдауын есептеу, олардың пайда болуы туралы болжамдарға және қорғау шараларын жүргізу мерзімдерінің дабыл белгілеріне негізделген. Болжау өсімдіктерді қорғау жөніндегі жұмыстардың көлемін жоспарлауға, химиялық, биологиялық құралдардың қажетті мөлшерін және еңбек шығындарын анықтауға мүмкіндік береді[1,2].

Зиянкестердің пайда болуы мен көбеюіне ауа-райының әсері көп. 2018 жылы зиянкестердің дамуына аса қолайлы жыл болмаса да (ГТК-1,4), майлы дақылдар танаптарын мекендейтін зиянкестер жаздық арыштың танабында да кездесті[3,4].

Айқышгүлділер бүргесінің саны температураның көтерілуіне байланысты жаздық арыштың жапырақтану кезеңінде байқалды. Зерттеудегі жылда қоңыздардың саны экономикалық зияндылық шегінен асқан жоқ (ЭЗШ –4-5 қоңыз үлгіге) және 2018 жылы көктем мезгілінің ылғалды және ұзаққа созылғандығына байланысты айқышгүлділер бүргесінің белсенділігі өте төмен болды. ЭЗШ-нен асқан жоқ.

Зерттеуіміздің 2019 жылы Айқышгүлділер бүргесінің саны температураның көтерілуіне байланысты жапырақтану кезеңіне дейін өсті.

I- себу мерзіміндегі (15.05) танаптарда айқышгүлділер бүргесінің саны ЭЗШ-н аса бастады, сондықтан зиянкеске қарсы инсектицид қолданылды. II-себу мерзіміндегі (25.05) танапта маусым айының екінші онкүндігінен бастап айқышгүлділер бүргесінің саны арта түсті. Айқышгүлділер бүргесі температурасы жоғары, ылғалдылығы төмен қолайлы ауа райында өте қомағай болды және біршама зиян келтірді.

Бүргелерге қарсы инсектицидті препаратпен бүркудің биологиялық тиімділігі өңдегеннен кейін 3,7,14 күндері анықталды. Зерттеуіміз бойынша I –себу мерзіміндегі танаптарда бақылау нұсқасында бүргелердің саны 6-16 данаға дейін (ЭЗШ бойынша 4-5 қоңыз үлгіде), инсектицид бүркілген танаптарда 0-5 дана. Зерттеуіміздің 2–себу мерзіміндегі танаптарда бақылау нұсқасында бүргелердің саны 15-21 данаға дейін артқандығын көрсек (ЭЗШ

бойынша 4-5 қоңыз үлгіде), инсектицид бүркілген танаптарда 2-10 дана болды.

Зерттеуіміз бойынша 2020 жылы 1 –себу мерзіміндегі танаптарда бақылау нұсқасында бүргелердің саны 7-14 данаға дейін болса (ЭЗШ бойынша 4-5 қоңыз үлгіде), инсектицид бүркілген танаптарда 0-3 дана шамасында. 2–себу мерзіміндегі танаптарда бақылау нұсқасында бүргелердің саны 6- 11данаға дейін артқандығын көрсек (ЭЗШ бойынша 4-5 қоңыз үлгіде), инсектицид бүркілген танаптарда 0-2,7 дана. Жаздық арыштың 1- себу мерзімінде айқышгүлділер бүргесінің санының аз болуы себу мерзімінің ерте болуына байланысты (1 және 2-мерзімнің арасы 10 күн), сонымен қатар мамыр айындағы вегетация кезеңінде түн мезгілінің салқын болуы да әсерін тигізді.

Зерттеу нәтижесінде 2018-2020 жж айқышгүлділер бүргесіне қарсы қолданған Протеус инсектицидті препараты 1-мерзімде 3 күннен кейін 100% аралығында жоғары тиімділігін көрсетті. 7-күннен кейін 88,0%, 14 күнде 68,7% тиімді болды.

Зерттеуіміз бойынша 2–себу мерзіміндегі танаптарда бақылау нұсқасында бүргелердің саны 8,8-10,3 данаға дейін артты (ЭЗШ бойынша 4-5 қоңыз үлгіде), инсектицид бүркілген танаптарда 0,66-4,7 дана шамасында болды.

Зерттеу нәтижесінде айқышгүлділер бүргесіне қарсы қолданған Протеус инсектицидті препаратының тиімділігі 3 күннен кейінгі көрсеткіші 95,5-53,4% болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Naranjo S. E., Stefanek M. A. Feeding behavior of a potential insect pest, *Lygus hesperus*, on four new industrial crops for the arid southwestern USA [Text] / *Industrial Crops and Products*. – 2012. – Т. 37. – №. 1. – P. 358-361.
- 2 Сагирова Р. А., Шапенкова С. В. Сравнительная оценка устойчивости культур семейства капустные (*brassicae*) к крестоцветной блошке (*Phyllotreta*) в условиях лесостепной зоны Предбайкалья [Text] / ББК 40 Н 347. 2018.- 15 с.
- 3 Горбунов Н.Н., Цветкова В.П., Шадрин Н.Ф., Вредители полевых культур в Сибири. Новосибирск, 2004. -170-188 с.
- 4 Рекомендации. Комплексная система мероприятий по борьбе с вредителями, болезнями и сорняками на посевах рапса в Казахстане. Астана, 2009. -38 с.